ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | №06 (470) 16 сәуір 2019 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

### ЖАҢА ЖУРНАЛ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Университетімізде журналистика мамандығының 2 курс студенттері Олжас Әбдіхалық пен Ахмет Атактың ұйымдастыруымен «Horroz» атты әдебиет және ой-пікірлер журналының тұсауы кесілді. Бұл жаңалық бүкіл журналистика мамандарын қуантып қана қоймай,келешегі бар жастарға зор сенім артатынын жеткізді.

3 БЕТТЕ

### СІЗДЕР ҮШІН - ЯСАУИ РАДИОСЫ

Студиямыз студенттердің идеяларымен тамаша туындыларын дүниеге әкелетін берекелі алаңға айналғай. Қазіргі таңда журналистика кафедрасында 100-ге жуық білімгер оқуда. Олар теория жүзінде жиған білімдерін практика жүзінде су жаңа студияларда жүзеге асырады деген сенімдеміз.

3 БЕТТЕ

### ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ІРГЕЛІ ІСТЕР

Нәтижесінде, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту үдерісінде жаңа технологияларды ұтымды қолдану арқылы түркі тілдерінде сөйлейтін студенттердің «мәдениет–таным» сұхбатын қалыптастыру, яғни тілдік тұлғаның рухани байлығын, өзара қарым-қатынасқа түсуде ынтымақтастығын құрудағы білімі, білігі мен дағдысын айқындауға мол мүмкіндік туды.

4 БЕТТЕ

### ТҮРКИЯ - ҚАЗАҚСТАН ДЕНСАУЛЫҚ АПТАСЫ ӨТТІ

Бір апта көлемінде облыс тұрғындарына түркиялық білікті дәрігерлер тегін медициналық көмек көрсетіп, дәрігерлік кеңестер берді.

Шетелдік дәрігерлер Түркістан облысының дәрігерлеріне «Радиология», «Шұғыл көмек және ТРИАЖ системасы» бойынша семинар-тренинг, тәжірибе алмасу сабақтары өтіп, нәтижесінде сертификаттар табыстады.

5 БЕТТЕ

### КӨРІНБЕЙТІН ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ СӘУЛЕСІ

Шәкірттерімнің болашағы алаңдатады. Аялап, мәпелеуге тырысамыз. Заман талабына сай іс-тәжірибелік дәрістеріне баса көңіл бөлеміз, шығармашылық бақылау жұмыстарын жазғызамыз. Олардың жүрек лүпіліне құлақ түреміз.

8 БЕТТЕ

# ҮКІМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ОҚУ ОРДАМЫЗҒА КЕЛДІ

**Университетімізге ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бастаған делегация келді. Оқу ордамыздың ғимаратында қала тұрғындарымен кездесу өткізді.**



Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ашып, жүргізген жиынға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Білім және ғылым министрі Күләш Шамшидинова, Денсаулық сақтау вице министрі Ләззат Ақтаева, Инвестициялар және даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов және көп балалы аналар, аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар, әйелдер кеңесінің төрайымдары, мәслихат депутаттары, облыстық денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік сала мамандары мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері қатысты.ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова өз сөзінде Елбасының "Әлеуметтік қамсыздандыру" жаңа әлеуметтік шараларының іске асырылу барысы туралы хабардар етті.

Одан кейін сөз алған ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Б.Сапарбаев халықтың табысын арттыру және аз қамтамасыз етілген отбасыларды қолдау бойынша қабылданған шаралар туралы айтты. Білім-ғылым, денсаулық сақтау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік жеңілдіктер жайы да назардан тыс қалмады. Жиын соңында қатысушылар министрлерге көкейлеріндегі сұрақтарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды.

**ЯУ-ақпарат**

# «ЯСАУИ» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА 74 ГРАНТ ТАБЫСТАЛДЫ

**Университетімізде VI Республикалық «Ясауи»олимпиадасының қорытынды кезеңі өткізіліп, грант иегерлері анықталды. Білім додасының 1-ші кезеңіне Қазақстандық 7606 мектеп бітірушілері қатысқан.**



Алғашқы кезеңнен жоғары балл жинаған 310 оқушы 2-ші кезеңге өткізілген болатын. Жалпы екінші кезеңге 186 оқушы қатысып, 74 оқушы грант иегері атанды. Оқу ордамыз ұсынып отырған білім грантын ұтып алу үшін жан-жақтан келген оқушылар емтиханның екі түрі бойынша білімдерін сарапқа салды. Пән олимпиадасы және ғылыми жоба негізінде жүзден жүйрік шыққандар грант жеңіп алды. Оның ішінде пән олимпиадасы бойынша 57, ғылыми жоба негізінде 17 оқушы.

Осыған байланысты оқу ордамызда грант иегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Шарада оқу ордамыздың оқу-ісі жөніндегі вице-президенті Өмірбек Үмбетов олимпиаданың екінші кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған және үздік ғылыми жоба жұмыстарының жеңімпаздарын арнайы марапаттады. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген білім гранты иегерлері университет басшылығына алғыстарын білдіріп, студент атануға дайын екендіктерін білдірді.

Сонымен қатар білім бәсекесіне қатысушылар мен ата-аналар №3 оқу корпусының алдында әзірленген арнайы танытым материалдарымен танысты. Факультет декандары оқушыларға қызығушылық білдірген мамандықтарын таныстырып, ерекшеліктерін түсіндірді.

# ТҮРКІСТАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ТҮРКІСТАН УНИВЕРСИТЕТІНЕН ТАРАЙДЫ

«Шабыт» сыйлығын екі мәрте, платиналы «Тарлан» сыйлығын бір мәрте иеленген жас журналист һәм жазушы Лира Қоныс, тележүргізуші Ғани Өтепбайұлы, дарынды ақын Батырхан Сәрсенхан, Қазақ радиосының бүгінгі үні Сандуғаш Баймаханқызы, талантты эссеист-жазушы Назира Байырбек, «Егеменнің» дарынды буыны Жолдыбай Базар, түрлі тақырыпта батыл қалам тербеп жүрген жас журналист Жадыра Нармахан, ұлттық арнаның үздіктері Әсем Қабылбек пен Шынар Досан, «Қарекеттің» қара тізгінін тізгіндеген Мариям Әбсаттар, спорт шолушысы Ғабит Сапарбек (түрлі салада абыроймен еңбек етіп жатқан өзге шәкірттеріміз де көп. Түркістандағы Ясауи университетінің түлектері. Бұлардың барлығы да кезінде кафедрадағы пленкалы жалғыз камерамен сюжет әзірлеп, 36 кадрлық фотоаппаратпен сурет түсіріп, кампус ішіндегі радиодан үн қатып, тәжірибелерін ұштаған шәкірттеріміз. Жыл сайын «бізге заманауи студия керек» деуден біз шаршамадық, «асықпаңдар, бәрі де болады» деуден басшылар да шаршамады. Міне, ақыры Болатбек Әбдірәсілов тікелей мұрындық болып, Түркия жағы қолдап, биыл 25 жыл бойы арман болған студияларымызды жабдықтауға көшті.

Енді журналистика мамандығы бойынша білім алатын студенттер тәжірибе алаңы ретінде сабақтан тыс уақытта «Yassawi FM» радиосы мен «Yassawi TV» телеарнасын толықтай пайдалана алады. Мұнымен қабат Қазақ радиосының тікелей бастамасымен «Қазақ радиолары» дәрісханасы да ашылды. Радионың интернет желісі арқылы тәулік бойы жұмыс істейтін толқынында алғашқы сұхбатты университет басшылары – ректор Болатбек Әбдрәсілов пен ректор өкілі Женгиз Томар берді. Алда Түркия жағы студияларды заманауи құралдармен қамтамасыз етіп, сабақтан тыс уақытта тәжірибе ұштаймын деген студенттерге барлық жағдайдың жасалатынын жеткізді. Халықаралық, республикалық теле-радио компанияларымен келісім-шарттар түзіліп, осы студияларда әзірленген хабарлар тікелей университет торабынан түркі әлеміне тарайтын болады. Әзірге «Оңтүстік» телеарнасымен аптасына 15 минуттық жастар



хабарын әзірлеу жөнінде келісім-шарт жасалды. Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалы да жас ұшқыр қалам иелеріне ақпараттық қолдау білдіріп отыр. Түркістан жаңалықтарының түркі жұртына Ясауи университетінен тарайтын күні де алыс емес сияқты...

**Бекжігіт СЕРДӘЛІ, профессор**

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

# ЖАС ЖУРНАЛИСТЕР - ҮШІНШІ ТҰҒЫРДА

Қазақтың киелі жерлерінің бірі Кереку төрінде болашақ журналистер арасында XI республикалық пән олимпиадасы өтті.Жас қаламгерлердің дәстүрлі сайысында еліміздің 18 аймағынан 80-ге жуық студенттер қатысып, бақ сынады.Солардың қатарында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 3 студенті де бар. Болашақ журналист бүгінгі білімгерлер Айман Әлмен, Айкен Жақып, Балерке Әсілханға профессор Бекжігіт Сердәлі жетекшілік етті. Бірінші кезеңде, қойылған талапқа сәйкес әр өңірдің оқу ордалары өз сюжеттерін көрсетіп, эссе жазды. Сол күні сайысқа қатысушылар мен қонақтар Павлодар қаласының көрікті жерлері мен мәдени-тарихи нысандарын аралап көрді.Келесі күні жас өрендер тест тапсырып, желел ақпарат таратып, алған әсерлері бойынша тағы сюжет түсірді.

Айта кетуіміз керек, жыл сайын болашақ журналистер арасында дәстүрлі ұйымдастырылып жүрген республикалық пән олимпиадасының қазақ журналистикасының дамуына қосар үлесі мол. Бұл жерде болашақ журналистер жарыс барысында азды-көпті тәжірибелер жинақтап, шыңдала түсуіне үлкен мүмкіндік алып жүр.Қорытындыда біздің команда үшінші орынды иеленді.




СЕНАТ

# ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР НАЗАРҒА АЛЫНДЫ

**Жуырда №8 сенат отырысы өтті. Дәстүрлі сенат жиналысы бірқатар оқытушы-профессорларды меншікті мерекелерімен құттықтаудан басталды. Университеттің атынан мерейтой иелеріне сый-сияпат көрсетілді. Білім, ғылым саласындағы университетіміздің қол жеткізген жетістіктері мен алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар талқыға салынды.**

Оқу әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Өмірбек Үмбетов 2019-2020 оқу жылына талапкерлерді тарту, бітірушілерді жұмыспен қамту мәселесін көтерді. «Ясауи» пәндік олимпиадасы жайлы мәлімет берілді. Білім додасына жылдан-жылға қатысушы үміткерлердің саны артып, бөлінетін грант саны да көбейіп отырғанын тілге тиек етті. Университет қалашығы мен оқу, жатақхана ғимараттарына кіретін қызметкерлер мен автокөліктерге рұқсатнама қағазын дайындау жайы қозғалды. Қауіпсіздік пен тәртіпті көздейтін аталмыш жүйе алдағы уақытта жүзеге асырылатын болды. Оқу ордамыздың әкімшілік-шаруашылық істері жөніндегі вице-президент Нұрлан Батырбаев №1,2 жатақхана мен Мәдениет орталығы, ғылыми кітапхананы күрделі жөндеуден өткізу мәселесін күн тәртібіне қоюды ұсынды. Студенттер игілігі үшін аталмыш ғимараттар ағымдағы күрделі жөндеуден өткізіліп, тәулік бойына жылы сумен қамтамасыз ету жайы назарға алынатын болды. Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент Камалбек Беркімбаев ҚР Ғылым және білім министрлігінің «Ғылыми атақ беру ережесіне» енгізілген өзгерістер жайлы айтып өтті. Жиналыс барысында 2019-2020 оқу жылына келісім-шарт негізінде қабылданатын білімгерлердің төлемақы мөлшерін бекіту жайы талқыға салынды. Ректор Болатбек Серікбайұлы бакалавриат негізінде оқитын білімгерлердің жылдық төлемақысын төмендету жайлы ұсыныс айтты. Алдағы уақытта Өкілетті кеңес отырысында мақұлданса, төлемақы мөлшеріне біршама өзгерістер енгізілетін болады. Оқу орда басшысы білімгерлерге сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында еңбек етіп жүрген барша әріптестерді бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Сондайақ кәсіби даму орталығының басшысы Талант Бөлеев психологиялық тесттерді таныстырып өтті. Алдағы уақытта бағалау тәсілдері енгізілетін болады.

**P.S. Сенатқа қатысушы университет ұжымы медицина факультетінің оқытушысы, Клиника-диагностикалық орталығының білді хирург-дәрігері әріптесіміз Алмаз Дүйсеновты 1 минут үнсіздікпен еске алды.**

**Жанар ҰЛАСБЕКҚЫЗЫ**

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ

**Қайырымдылық ежелгі Тұран даласында өмір-сүрген бабаларымыздан жалғасып келе жатқан ізгілік ниет. Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кең пейілділік. Жомарт болу – өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу- деп жатады.**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университетінің ұжымы Наурыз мерекесіне орай Түркістан облысының ақсақалдар алқасы, қалалық қоғамдық келісім кеңесі мен университет ардагерлер кеңесінің бастамаларын қолдай отырып, көпбалалы аналар мен әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар үшін 10 күндік қайырымдылық акциясын өткізді.

Акцияның алғашқы күнінен-ақ студент жастары арасындағы еріктілер тобы белсенділік танытып, қаладағы сауда орталықтарында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, мейірімділік қорының қоржынына түскен күнделікті тұтынатын тұрмыстық және азық-түлік тауарларын қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінен алынған мәліметтер бойынша 30-ға жуық отбасының үйлеріне жеткізіп берді. Бұл еріктілердің мейірімділік таныту акциясы жалғасуда.

«Жақсыдан – шарапат» демекші жаны жайсаң, көңілі шалқар, жүрегі жұмсақ оқытушы-профессорлар құрамы қайырымдылық акциясына ерекше белсенділік танатып, жүрек жылуын сыйлаған медицина факультетінің «Адам морфологиясы мен физиологиясы», «Педиатрия» кафедралары, Ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі, Ясауи кәсіби колледжі, Тәрбие және мәдени істер департаменті қызметкерлерінің ізгі ниеті көпшілікке үлгі бола білді.

Университет ұжымы жалпы акция барысында заттай және азық-түлік ретінде жиналған тауарларды Түркістан қаласында көпбалалы және әлеуметтік көмекті қажет ететін 350-дей отбасы үшін арнайы ашылған тегін қайырымдылық дүкеніне табыс етті.

Сонымен қатар, университет ұжымында көп жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан және қызметте жүрген көпбалалы аналар университет ұжымының Наурыз мерекесіне шақырылып, мерекелік құттықтаулар жолданып, оларға сыйсияпаттар ұсынылды. Осылай көпбалалы аналарымыз Наурыз мерекесінде құрметке бөленді.

Шексіз мейірімділік танытып, жомарттық жасаған ұстаздар қауымына айтарымыз «Ізгілік жолында жасаған қайырымдылық ісің, өзіңе есеселенің қайтарылады», «Мейірімді болсаң, саздар әуенмен тербетілер бесігің» деп жатады дана халық. Аялы алақанымыздың, қол ұшымызды созып, болашағымыз бақытты болсын десек, бір-біріміз ге қолдан келер қамқорлығымызды аямайық, жүрек жылуымыз бен мейірімділігіміз саркылмасын.

**Балғабай НАҚЫПОВ,**
**Ахмет Ясауи Университенің Ардагерлер кеңесінің төрағасы,**
**Түркістан қаласының «Құрметті азаматы»**

СҮЙІНШІ

# ШАХМАРДАН ЕСЕНОВ ШӘКІРТАҚЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Академик Шахмардан Есенов атындағы ғылыми-білім беру қоры ай сайынғы атаулы студенттік шәкіртақысының жеңімпаздары анықталды.**





Жеңімпаз білімгерлер қатарында университетіміздің Медицина факультетінің 3-курс студенттері Қанат Шамсудин мен Жәнібек Назымбек те бар. Конкурсқа Қазақстандық университеттердің бакалавриаттарының 2-3 курстарында немесе магистратураның 1-курсында, геология, медицина, IT және техникалық пен инженерлік мамандықтарында оқитын студенттер қатысқан. Аталмыш шәкіртақы 12 ай мерзімінде беріледі. Конкурстың екінші кезеңіне 50 студент өтіп, 18 студент Астана және 32 студент Алматы қалаларында бақтарын сынап, үздік 25 студент анықталды.

Бағдарлама еліміздің алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарының бакалавриат және магистратурасының ең үздік 25 студентіне қолдау көрсету және оларда заманауи қоғамда талап етілетін біліктілікті дамытуды көздейді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанып, дара шыққан Шамсудин мен Жәнібекті жеңістерімен құттықтаймыз.

# АПТА АЙШЫҚТАРЫ

**Ғалымдар марапатталды.** 12-сәуір Ғылым қызметкерлері күні. Осыған орай оқу ордамыздың сенат залында университеттің бірқатар ғалымдары арнайы алғыс хаттармен марапаттал-ды. Университет ректоры Болатбек Абдрасилов пен I вице-президент Женгиз Томар барша ғалымдарды төл мерекелерімен құттықтап, сәттілік тіледі.

Сонымен қатар, Болатбек Абдрасилов тиісті мамандарға бірқатар тапсырмалар да жүктеді. Ғылымсыз ешқандай университет болмайтындығын айтып, оқу ордамыздың имиджін қалыптастыруда, бәсекелестікте оқ бойы озық тұру үшін ғылымды басты назарда ұстау керектігін айтты.

***

**Партия жиыны.** Мәдениет орталығының үлкен залында «Нұр Отан» партиясы Түркістан қалалық филиалы "Тұран" бастауыш партия ұйымының кеңейтілген жиыны өтті. Жиынға 621 партия мүшесі бар ұйымнан 500 адам қатысты. Жиын барысында "Партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның кезекті XVIII съезінде берген тапсырмаларын – «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы», «Ауыл — ел бесігі», «Құтты мекен» ұлттық жобаларын іске асыру барысы туралы" және «Nur Otan» партиясы Түркістан қалалық филиалының конференциясына делегаттарды сайлау" жөнінде мәселелер қаралды.

Жиын басында университет президенті Болатбек Абдрасилов партия съезінде берілген тапсырмалар мен партиялық жобалар туралы айтып өтті.

***

**Жеңімпаз атанды.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен ЖОО арасындағы студенттердің X жазғы универсиадасында бадминтон спорт түрінен өткен жарыста университетіміздің Дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студенті Құлматов Хайтмұрат I-орын иеленді.

***

**Пленум.** Жуырда университетімізде Қазақстан урологтары қауымдастығының пленумы өтті. Маңызды басқосуға алыс-жақын шетелден Ресей, Өзбекстан, Белоруссия, Қырғызстанның білгір ғалымдары және еліміздің маңдай алды уролог мамандары қатысып пікір алмасты.

Аукымды конференция барысында оқу ордамыздың президенті Болатбек Абдрасилов университетіміздің жетістіктерімен, медицина факультетіндегі оқу жүйесімен таныстырып өтті. Конференцияны ұйымдастырушылар мен алыс-жақын елдерден келген қонақтарға алғысын білдірді.

Пленарлық мәжілісте ҚР ҰҒА Академигі, «Ұлттық медицина университеті» АҚ урология кафедрасының меңгерушісі м.ғ.д., профессор Мырзакәрім Алшынбаев және Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының жетекшісі м.ғ.д., профессор Мұқан Егізбаев құттықтау сөз сөйлеп, өзіндік тәжірибелерімен бөлісті.

Бұл конференция Түркістан облысында жиі кездесетін бүйрек, несептас ауруларының алдын алу, диагностикалық емдеу шараларын жасау, қазіргі таңдағы медицина саласындағы соңғы жаңалықтарды ендіру мақсатын көздеді. Өңіріміздегі дәрігерлердің біліктіліктерін арттыру, болашақ мамандарымызға тәжірибе алмасу жиынның басты бағдары болды.

**ЯУ-ақпарат**

# Студенттер беті

# АУДИТОРИЯ



## СІЗДЕР ҮШІН - ЯСАУИ РАДИОСЫ

Оқу ордамызда жағымды жаңалық орын алды. Университет президенті Болатбек Абдрасиловтың тікелей қолдауымен радио және теле студия ашылды. Университет басшылығы қымбатты студенттерін жақсы жаңалықтарымен қуанту үстінде. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыру үшін тиімді жағдайлармен қамтамасыз етіп жатыр. "Yassawi FM"радиосы мен " Yassawi TV" телеарнасының тұсауы кесілді. Болашақ журналист қауымының әмбебап маман болып шығуына таптырмас мүмкіндіктер. Соңғы технологиялармен жабдықталған студиялар студенттердің өз ісіне деген сүйіспеншілігін арттыруда. Радиомыз бен телеарнамыз алдағы күндері жағымды жаңалықтармен тыңдарман қауыммен қауышатын болады. Түркия тарапынан да ерекше қолдаулар болуда. Жаңа студияға қажетті өзге де жаңа құралдарды жеткізіп беретіндігін айтқан университет басшылары көпшілікті бір серпілтіп тастады. Ерекше мүмкіндіктер ерекше бастамаларға жол ашады.

Студиямыз студенттердің идеяларымен тамаша туындыларын дүниеге әкелетін берекелі алаңға айналғай. Қазіргі таңда журналистика кафедрасында 100-ге жуық білімгер оқуда. Олар теория жүзінде жиған білімдерін практика жүзінде су жаңа студияларда жүзеге асырады деген сенімдеміз. «IASAYI FM» радио толқынынын http://ayu.edu.kz/ Radio Yassawi FM қарап тыңдай алаcыздар.

**Венера АСҚАРҚЫЗЫ,**
**3-курс студенті**

## ЖАҢА ЖУРНАЛ ЖАРЫҚ КӨРДІ




**Университетімізде журналистика мамандығының 2 курс студенттері Олжас Әбдіхалық пен Ахмет Атактың ұйымдастыруымен «Horroz» атты әдебиет және ой-пікірлер журналының тұсауы кесілді.**

Бұл салтанатты кеште университетіміздің профессоры,филология ғылымдарының докторы Сейдулла Садықов жалынды жастарға тілек білдіріп,өз батасын берді.Бұл жаңалық бүкіл журналистика мамандарын қуантып қана қоймай,келешегі бар жастарға зор сенім артатынын жеткізді.

Ахмет Байтұрсынұлы ұйықтап жатқан қара халықты маса секілді ызыңдап оятқысы келгендіктен «Маса» атты өлеңдер жинағын шығарды. Осындай жолмен жас журналистердің журналды бұлай атауының себебі:қораз сияқты жастарды ерте оятып, білімділікке,еңбектенуге,ойл арымен бөлісуге шақырады. Журналдың алғашқы беті- «Бабалар ізінен айнымай,бұл жолы жаңашыл түрде жарық көрген «Horroz» журналының әрбір санында әдеби шығармалардың және ұлы тұлғалардың ой-тұжырымдары сараланып,сарапталып жарияланады,Сондай-ақ әрбір оқырманның еркін ойпікірлерінің қалыптасуына мүмкіндік береді...»деген кіріспе сөздерден бастау алған журналдың келесі беттерінде жастарға шабыт сыйлайтын қазақ және түрік тілдерінде шығармалар жарық көрген.Келешегі бар бұл жобаның авторларына сәттілік тілеп,еңбектері жана берсін дегіміз келеді

**Перизат САБЫР,**
**1-курс студенті**

СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІ

## АҚТАРЫЛЫП СЫРЛАРЫ АҚ ПАРАҚҚА

**Бала үшін ана мен әкенің орны әрқашан бөлек. Сырыңмен бөліссең қуанатын, кішкентай жетістігіңе шаттанатын да ата-анаң. Әлемнің жарығын сыйлаған анаң сен өмірге келген күннен бастап қамқоршың, ал әкең тірегің болады. Балаларынан бұрын жан ұшыра уайымдап, қайта-қайта телефон соғып халін сұрап тұратын да солар.**
**Үйлерінен жырақта жүрген Журналистика мамандығының суденттерінің ата-аналарына деген ақ параққа төгілген сезімдері мен ыстық сағыныштарын назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.**

— ӘКЕ, осы сөзді айтсам біртүрлі қанат біткендей, құс сияқты қалықтайтындай сезімде боламын. Арманға жетелеп, күннің бар жарық нұрын өзіне жиып алып, саған қарай төгіп тұрған шынды көргендей боламын. Әке салмақты, әрбір ісі алдын-ала ойлап барып бастайтын қамқор адам. Бірақ анадан гөрі қаталдау. Әкемнің басымнан сипап күле қарағаны жаныма жаз самалындай әсер етеді. «Қызым-ау» деген сөзі жүрегімді елжіретіп жібереді. Сондай жылы, мейірімді жан мені мына өмірдің кейбір қиыншылықтарынан қорғап, асқар белдерінен демеп асырап, алып бәйтерегімен өмірдің аптабынан қорған тұрған асқар тау сияқты көрінеді. Менің әкеме деген махаббатым шексіз. Оқуымды аяқтаған соң маған жасаған әрбір жақсылығын еселеп өтеймін. Әкешімнің әр қараған бейнесін де, жейдесін де сағындым.

Әлемнің әтірлері татымайды,
Әкемнің иісі сіңген жейдесіне.

**Айдана ЖҰМАБЕРГЕНОВА**
**2-курс студенті**

— Осы қыста ауылға былтырғыдан жиірек барып тұрдым. Үлкен үйде ертегілердегідей атам, әкем, анам жолымды тосып, ізімді бағып отырады. Орталарында медеу тұтқан жалғыз ұлдарымын. Анам үйдің ас-суын дайындап, көйлектің көктігіне көңіл бөлсе, әкем есіктің алдындағы бір қайырым малдың жайын жасау міндеті. Ал, атам жасы 78 де болғанымен жүрісі ширақ, бабымен қартайған жан. Әкем мен үшін ең дені сау, ең мықты азамат еді. Әкемнің ауырғанын осы қыс алғаш көрдім. Жанына батқан ауруын төсек тартып жатып қалғанша білдірмей келген екен. Жиырмаға толғалы әкемнің ендігі жерде жас еместігін, осы бір төсек тартып қалуынан кейін әзімнің бала еместігімді ұққандаймын. Ауырып жатқан әкемді көргенде, әкесіз өмірді бір сәтке елестетіп көрдім. Қорқыныштты. Шарасыз халін көрем деп үш ұйықтасам да ойыма кіріп шықпапты. Осы қыста әкемнің қадірі арта түсті. Әкем – асқар тауым, аман болшы!

**Нұрсұлтан НАРЗІЛДА**
**2-курс студенті**

— Өлмес адамға тағы бір көктем келді дегендей жаңа бір жылдың басы бәз-баяғыдай тыныමсыз тіршіліқпен басталды. Бұл жылы менің жасым жиырманың екеуіне жетіпті. Бұл жаста ата-анаға иек арту шынбайыңа батып, дәрменсіз күйге түсіретіні де бар.

Ер жеттім өз-өзіме қарай аламын, менің тірлігіме араласпаңдар деген сөздерім ана жүрегіне қатты бататынын білсем де осы сөздер ауызымнан шығып кете береді. Бірақ бұл жүректен шыққан емес, ауыздан шыққан сөздер. Адам білмей тұрып қателік жасағаннан біліп тұрып қателік жасауы ақымақтық саналады. Менің ана жүрегіне зіл болып бататын сөздерді біле тұра айтқаным күнә секілді. Бірақ менің сөздерімді көтеретін де, еркелікпен айтқан сөздерімді жылы қабылдайтын да анам. Жүрегі кең, пейілі таза бұл жалғанда бір адам болса ол менің Анашым. Алыста жүргенде жақындарыңның қадірін түсінеді екенсің. Анамды көрмегелі де мінекей, екі жыл өтті. Қатты сағындым. Әттең, қанатым болса ұшып барып, анамда бір көріп қайтатын едім.

**Қастер БАЛАПАН,**
**2-курс студенті**

— Жердегі бар тағамнан
Ана сүті нәрлі екен.
Бұл жалғанда анамнан,
Сүйікті адам бар ма екен? — деп ақын апамыз Ф.Оңғарсынова жырлағандай ананың аяулы алақанынан ыстық ешнәрсе жоқ. Баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай бауырына басып, біз үшін жанұшыра шырылдайтын да АНА. Дүниеде анасыз адам жоқ. Жазушы да, ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алғандар. Кез-келген адам баласы осыны ұмытпауы тиіс. Қандай жерде атаның мен беделің болса, сонша жерде ананаңның еңбегі мен махаббаты бар. Әрбір пенде осыны қаперінде сақтап жүруі тиіс. Мен де анам жайлы екі ауыз сөз айта кетпекпін.

Менің анам сабырлы, өте байсалды жан. Дәл осы қасиетін өзіме сіңіруге тырысамын. «Кез-келген жағдайда сабырлы бол, шешілмейтін түйін жоқ», — деген анамның сөздері жаныма жалау болып жүреді. Дәл қазір мен анамнан алыстамын. Бұрын үйде жүргенімде балалықпен ешкімді сағынбайтын шығармын деп айтатын едім. Бірақ қателесіппін. Оқуға кетіп бара жатқанымда анам қатты құшақтап, жіберместей, қимастықпен, бар ақылын айтып шығарып салды. Сол кезде жақында келемін ғой неге сонша қоштасып тұр деп ойлағанмын. Тағы да қателесіппін. Анам үшін баласының көз алдында аман-сау жүргені бақыт екенін түсінбеппін. Анашыммен күніне бір рет телефон арқылы сөйлеспесем, дауысын естімесем өзімді қоярға жер таппаймын. Сол күнім сәтсіз өтетіндей көрінеді де тұрады. Менің көңіл күйімді қас-қабағымнан танитын анам жақсы қылықтарыма сәбише қуанып, жаман қылықтарыма ақылды сезімін күрсініп қана көзімен ұқтыратын дана адам. Анашым мен сізді қалай жақсы көретінімді білсеңіз... .

**Мадина ИСИМОВА**
**2-курс студенті**

Ана — қадірлі де қасиетті есім. Адамға ауаның қаншалықты маңызы болса, балаға ана соншалықты қажет. Ананы өлеңге қоспаған ақын, ана туралы жыр тербемеген жырау жоқ шығар мына ғаламда. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисінде де Ана туралы айтылады, «Жұмақтың кілті ананың табанының астында», «Анаңды Меккеге үш рет арқалап барсаңда парызыңды өтей алмайсың», «Кімде-кім ата-анасының ризалығын алған болса, Алла соның өмірін ұзартады» делінген. Ана үйдің берекесі, қыз баланың өнегесі, шаруаның несібесі.

Мен анам мен әжемді қатты жақсы көремін. Үйдің тұңғышы болғандықтан атам мен әжемнің қолында өстім. Кейде еркелеп анамды құшақтасам әжем қызғанып қалады. Мен оларды белгілі бір нәрсе үшін жақсы көремін деп айта алмаймын. Олардың менің өмірімде бар болғаны үшін алғыс айтамын. Қаншама балалар жетімдер үйін паналап, көздері жаутаңдап тірі жетім болып жүр. Сондықтан да ата-аналарымыздың қасымызда жүруінің өзі баға жетпес бақыт деп санаймын.

**Ұлас ҮСЕНБАЙ**
**2-курс студенті**

ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

# ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ



Дайындық факультеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 06.10.1997 жылғы №1/447 бұйрығымен ашылды. Құрылған кезінен бастап Қазақстандық және Түркиялық болып Түркі дүниесінен келетін білім алушылар түрік, қазақ, орыс және ағылшын тілін курс жүйесіне қарай үйренуде. Білім алушылар дайындық факультетінде 2 семестр бойынша тек қана тіл үйренеді. Білімгерлер тіл үйренгеннен кейін факультеттерді таңдай отырып, өз мамандықтарын 4 тілде жалғастыра алады.

Дайындық факультетінің тыңдаушылары, оқу жылында 3 түрлі топқа бөлінеді. Бірінші топ Түркия квотасындағы білім алушылар (TK): бұл білім алушылар Қазақстан азаматтары, Түркия Республикасының шәкіртақысына ие. Екінші топ Түркі дүниесінен келген тыңдаушылар (TD): бұл тыңдаушылар, әр түрлі мемлекеттерден және Түркі Мемлекеттерінен келеді және Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие. Түркі дүниесі үшін 200 грант бөлінеді. Үшінші топ Түркия Республикасынан келген тыңдаушылар; бұл тыңдаушылар Қазақстан Республикасының шәкіртақысына ие.



ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ, орыс тілдері кафедрасы Түркия Республикасы және Түркі тілдес мемлекеттер мен туыстас қауымдастықтардан келген тыңдаушыларға қазақ тілін үйретеді. Кафедра 2003 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақ, орыс және ағылшын тілдері кафедрасы болып ашылған. 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап кафедраның атауы Қазақ, орыс тілдері кафедрасы болып өзгертілді. Кафедра мамандық дайындамайды.



ЖАЛПЫ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

Жалпы пәндер кафедрасы 2006-2007 оқу жылынан бастап Кентау қаласында шетелден келген қазақ диаспорасы өкілдері мен оралман тыңдаушылардың жалпы білімдік дайындық деңгейін арттыру мақсатында және оларға жоғары және орта кәсіптік оқу орындарына түсуге қажетті жағдайлар жасау мақсатында Дайындық бөлімі ұйымдастырылып келеді. Жалпы пәндер кафедрасы 2006-2013 оқу жылдары аралығында Біліктілік жетілдіру факультетінің құрамында болды. 2015-2016 оқу жылынан бастап Дайындық факультеті құрамына енгізілді.

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, ағылшын тілін B1 деңгейінде жетік меңгерген, терең білімді тыңдаушы дайындайтын университет құрылымдарының бірі.

Кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тыңдаушылардың ағылшын тілінде сөйлеу және жазбаша қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытуда. Кафедрада «Speaking club» үйірмесі жұмыс істеуде.



Түрік тілі кафедрасы - Түркі тілдес мемлекеттер мен туыстас қауымдастықтан келген тыңдаушыларға түрік тілін үйретеді. Университет құрылған жылдары Тіл үйрету орталығының құрамында болды. Кафедра мамандық дайындамайды. Кафедрада түрік тілінен арнайы дайындалған біліктілік білім емтиханынан жеткілікті ұпай жинаған білікті оқытушылар дәріс береді. Студенттерге тілді үйретудегі әдіс-тәсілдері, методикасы оқытылады.



ТҮРІК ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

## СЕМИНАР ӨТТІ

**ЖОО дейінгі дайындық факультеті, Қазақ, орыс тілдері кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Тіл жанашыры» медалінің иегері, профессор Қарлығаш Қадашеваның «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың жаңа технологиялары» атты семинары өтті.**

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытуға арналған жаңаша сипаттағы оқу кешенінің құрылымымен таныстырумен бастау алған семинарда түркі дүниесінен келген тыңдаушыларға қазақ, түрік және ағылшын тілін оқытатын оқытушы-профессор құрамы қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың жаңа технологиялары: анимациялық фильм, бейнежазба және электронды оқулықпен таныстыды.

Оқытушы-профессор құрамына деңгейлік технологияға негізделген оқу кешеннің құрамын (негізгі оқулық, оқу құралдары, оқу сөздіктері) және ондағы оқу материалдарын үйретудің әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдана білу жолдары көрсетілді. Сондай-ақ, деңгейлеп оқытудың құрылымындағы мәтіндерді, тапсырмаларды оқытудың жолдарын үйретіп, оқыту үдерісінде оқытудың ұтымды әдіс-тәсілдерімен таныстырды. Одан бөлек, тіл үйрету барысында газет-журналдардағы жарияланған мәтіндермен таныстыру, оны үйретудің әдіс-тәсілдерін тиімді қолданудың жолдарын атап айтты.

Нәтижесінде, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту үдерісінде жаңа технологияларды ұтымды қолдану арқылы түркі тілдерінде сөйлейтін студенттердің «мәдениет–таным» сұхбатын қалыптастыру, яғни тілдік тұлғаның рухани байлығын, өзара қарым-қатынасқа түсуде ынтымақтастығын құрудағы білімі, білігі мен дағдысын айқындауға мол мүмкіндік туды.





## АЛҒЫС-СӨЗДІҢ АСЫЛЫ

Алғыс айту күні - бірлік пен ынтымақ, өзара сенімділік пен барлық Қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына ықпал етер, Елбасының негіздеп берген мерекесі. Бұл тағдыр тәлкегімен елімізге қоныс аударып, осында өсіп-өніп отырған өзге ұлт өкілдерінің ризашылығын білдіретін күн. Аталған мерекеге орай, Кентау қаласы әкімдігі мен Кентау институты салтанатты шара ұйымдастырды. Қонақ ретінде қалалық өзбек этномәдени орталығының төрағасы Х.Абдуалиев, татар-башқұрт этно-мәдени орталығының төрағасы Ф.Аюпов, корей этномәдени орталығының төрайымы В.Чжен шақырылды.Түрлі ұлт өкілдерінен құралған ХҚТУ ЖОО дейінгі дайындық факультетінің студенттері, мың бұралған билерін биледі және патриоттық әндер шырқалды. Құттықтау сөз алған қонақтар "Қазақтай кең жүректі елге мың алғыс. Бұл достық пен сыйластық мекені, жұмақ төрі" -деп жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Ал, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы мен Кентау Институтының директоры өздеріндей жастардың бар болғанына мың алғыс деп, студенттерге тілек білдірді. Іс-шара соңында, қазақтың салтымен қонақтарға өз сыбағалары үлестірілді.

## СПОРТ

Кентау институтында білім алатын студенттер мен тыңдаушылар арасында дәстүрлі спартакиада ұйымдастырылды.

Бұл спартакиада ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «2019 жылы – Жастар жылы» деп жариялануына байланысты «Жастар денсаулығы – кемел болашағымыздың тірегі» атауына негізделді.

Жарыстың мақсаты мен міндеттері бірнеше. Атап айтар болсақ, олар:

- Көпұлтты студенттер мен тыңдаушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту;
- Салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау;
- Спорттық іс-шараларды өткізу арқылы тыңдаушыларды отансүйгіштікке және адамгершілікке тәрбиелеу;
- Жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, денсаулығын нығайту.

Биылғы спартакиаданың ерекшілігі: жарысқа Инженерия факультетінің студенттері де қатысты. Сонымен қатар Кентау спорт бөлімі де жарысқа қызығушылық танытып, өздерінің демеушілігін білдірді.

Спартакиада спорттың 12 түрінен болып өтті. Әр спорт түрінен жастардың спорттық шеберліктері анықталып, үздік ойын көрсеткен жастарды алдағы болатын қала көлеміндегі, университет көлемінде болатын жарыстарға іріктеліп алынды. Жарысқа 8 команда қатыстырылып, студенттер мен тыңдаушылардың белсенділігі арқасында спартакиада өте жоғары деңгейде өткізілді. Бұл жарысты ұйымдастырған Тәрбие бөлімінің қызметкерлері мен Жалпы пәндер кафедрасының оқытушысы, дене тәрбиесінің жетекші маманы Ұ.Шайзадаевтың ұйымдастырушылығымен жүзеге асырылды.

Спартакиаданың қорытынды нәтижесінде барлық спорт түрлерінен жинаған ұпайлары

ДЕНСАУЛЫҚ - ЗОР БАЙЛЫҚ

# ІРГЕЛІ ІСТЕР

сарапталып, алғашқы 3 үздік команда анықталды Олар:
I орын – Инженерия факультетінің I курс командасы;
II орын – ЖОО дейінгі дайындық факультетінің Стоматология командасы;
III орын – ЖОО дейінгі дайындық факультетінің Медицина командасы иеленді.

Жарыстың жеңімпазы мен жүлдегерлерін Кентау институтының директоры тарапынан алғыс хаттар және Кентау қалалық спорт бөлімінің тарапынан бағалы сыйлықтармен, алғыс хаттармен марапатталды.







## МӘДЕНИЕТ. ӘДЕБИЕТ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Сен Ұлы ұлттың перзентісің, замандас!» атты дөңгелек үстел өткізілді. Аталмыш тақырыптың ішінде казіргі қазақ жастарының тәрбиесі, білімге деген құштарлығы, мәдениеті, патриоттық тәрбиесі жайында мәселелер қозғалды. Іс-шараға Кентау қаласының ардагер ұстаздары Бибі Дәрібаева - Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Роза Жұмабаева – Кентау қаласының құрметті азаматы және Кентау қалалық жастар ресурстық орталығының маманы Мархабат Мамутжанова Жоғарғы оқу орынға дейінгі дайындық факультетінің декан Ахмет Гүнгөр шақырылды. Аталмыш шараны ұйымдастыруға Кентау институтының тәрбие бөлімінің басшысы Талғат Балабиев пен Жоғарғы оқу орынға дейінгі дайындық факультетінің декан орынбасары Ахмед Бегділла ұйытқы болды.

Сондай-ақ, институт кітапханасында Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты поэзиялық байқау өткізілді. Байқау «Ғасырда бір туатын дарабоз», «Жырлайды жүрек» «Әлі талай жыр болып жазыларсың» атты 3 кезең бойынша өтті. Қатысушылар М. Мақатаевка өз арнауларын және ақынның өлеңдерің мәнерлеп оқыды. Кеш соңында дарабоз ақынның әндері шырқалды. Қоса айтатын осы кешке Түркия, Өзбекстан, Тыва, Қырғызстан, Моңғолия Республикаларынан келген тыңдаушылар қатысты.

**Ақбота МЫРЗАХАНОВА,**
**Қазақ, орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі**

# ТҮРКИЯ – ҚАЗАҚСТАН ДЕНСАУЛЫҚ АПТАСЫ ӨТТІ

**8-14 сәуір аралығында университетіміздің клиникалық базасында«Түркия–Қазақстан денсаулық аптасы» өтті. Облыс халқының денсаулығын нығайту барысында Түркия мемлекетінен келген хирург, балалар хирургі, уролог, офтальмолог, пластикалық хирург, акушер-гинеколог, анестезиолог-реаниматолог, ЛОР мамандары Түркістан қалалық балалар ауруханасы, №3 облыстық Перинатальдық орталығы мен клиника-диагностикалық орталығында науқастарды қабылдап, олардың көрсеткіштері бойынша тегін оталар жасады. Бір апта көлемінде облыс тұрғындарына түркиялық білікті дәрігерлер тегін медициналық көмек көрсетіп, дәрігерлік кеңестер берді.**

Шетелдік дәрігерлер Түркістан облысының дәрігерлеріне «Радиология», «Шұғыл көмек және ТРИАЖ системасы» бойынша семинар-тренинг, тәжірибе алмасу



сабақтарын өтіп, нәтижесінде сертификаттар табыстады.

Жобаны денсаулық сақтау министрлігі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті бірлесе ұйымдастырған.

**Болатбек АБДРАСИЛОВ – университет ректоры:**

– Түркия-Қазақстан денсаулық аптасы бірінші рет



өткізіліп жатыр. Осы іс-шаралар ары қарай жалғасын табады. Бұл деген мына университетіміздің Түркістанның жаңа статус алғаннан кейінгі осындай керемет жағдайлардың бір көрсеткіші деп ойлаймын.

Күні кеше басталған шара апта соңына дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында дәрігерлер бірнеше ота жасап жағдайы ауыр науқастарға ем жүргізеді. Бұл іс оң нәтиже беріп жатса алдағы уақытта жалғасын табуы бек мүмкін.

**Булент ЧАВИТ ЮКСЕЛ - Анкара білім беру және зерттеу ауруханасы, ересектер хирург маманы, профессор, доктор:**

– Қазақстан – Түркия денсаулық аптасы барысында Қазақстанға келіп, мұндағы халыққа тегін медициналық көмек көрсетіп оталар жасап жатырмыз.Тәжірибе алмасып, клиника-диогностикалық орталығының дәрігерлерімен бірлесіп қалқанша безінің аурулары, соқырішек, өт қалтасының аурулары, қара бауырдағы эхинококк ісіктерін алу сынды жалпы хирург дәрігерлері жасайтын оталарды жасаудамыз. Белгіленген мерзімге дейін әр сала дәрігер мамандары хирург, лор, анестезиолог-реаниматолог, урологтар әрқайсысы күніне 3-4 науқасқа ота жасағанның өзінде бір күнде 20-ға жуық ота жасау жоспарда бар. Қазақстандық әріптестеріме, бізге сенім артқан Түркістан халқына өз тарапымнан үлкен ризашылығымды білдіремін.Қасиетті Түркістанға келіп, тәжірибе алмасып, науқастарға дәрігерлік кеңестер беруді мақсат еттік.

**Йелмаз АСЛАН, Анкара білім беру және зерттеу ауруханасы уролог маманы, доцент, доктор:**

– Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың атын иемденген оқу ордамызға келдік. Біз үшін киелі Түркістан қаласының орны ерекше. Осында келіп, түркістандық әріптестерімізбен тәжірибе алмасып, туыстық байланыстарды одан әрі нығайтып жатырмыз. ХҚТУ клиникасындағы Нұрали Ералыұлы сынды білікті дәрігерлермен қуық асты безінің қатерсіз ісігі, бүйрек-несеп жолдарының ауруларына оталар жасадық. Бәрі де сәтті өтті.

**Ахмет КУТЛУХАН – Йылдырым Бейазит атындағы университетінің лор дәрігері, доцент:**

– Түркістан жеріне осимен үшінші рет ат басын бұрдым. 2015, 2016 жылдары және биыл да келіп, Түркістан халқына медициналық көмек қолымызды создымыз. 2015-2016 жылдармен салыстырғанда бұл клиниканың жетістіктері көп екен. Дәрігер мамандарының да тәжірибе жинақтап, сапалы жұмыстар жасап жатқанын көрдік. Құрал-саймандар да заман талабына сай жабдықталған. Осы клиникадағы дәрігер Илхам Дадашевтың көмегімен құлақ, мұрын, тамақ ауруларын емдеп, тиісті оталарды аяқтадық. Өзім осы салада жұмыс жасап жатқаныма 30 жылдан асты. Осы уақыт аралығында бірқатар мамандар даярлап шығардым. Түркия мен Қазақстанда да бірқатар шәкірттерім жемісті еңбек етуде.

**Мехмет БЕКЕРЕЖИҰЛЫ – Кахраманмараш имам университетінің пластикалық хирург маманы:**

– «Қазақстан-Түркия» денсаулық аптасы аясында Түркістан халқына дәрігерлік көмек қолымызды созып жатырмыз. Қазіргі таңда пластикалық хирург маманы жетіспейді. Пластикалық хирург болған соң коянжырық, туа біткен ақаулар, күйіктен қалған тыртықтарды қалпына келтіру оталарын жасадық. Әрине бір апта ішінде мүмкіндігінше үлгеруге тырысамыз. Түркістан қалалық балалар ауруханасында пластикалық хирург маманы болмағандықтан бізге қиындау болып тұр. Бірақ басқа сала дәрігерлерінің көмегімен оталарды сәтті аяқтадық. Бауырлас қазақ-түрік дәрігерлері бір-біріміз әрқашан да қолдау білдіруге, тәжірибе бөлісуге дайынбыз.

**Нұралы ӘБУОВ- ХҚТУ КДО-ның бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, уролог дәрігері:**

– Киелі Түркістан қаласында Қазақстан мен Түркия денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен «Қазақстан-Түркия» денсаулық аптасы өтуде. Аталмыш шараға Түркиядан әр түрлі саладағы 18 дәрігер келді. Олардың барлығы да Түркияның атақты профессорлары мен жоғары санаттағы дәрігер мамандары саналады. Осы мамандармен бірлесіп клиника базасында оталар жасаудамыз.

**Өзел ГҮЗЕЛ – Анкара білім беру және зерттеу ауруханасының уролог маманы, доцент:**

Дәрігер маманы ретінде әрбір ауру дертіне шипа тауып, жүзіне күлкі үйірлсе деймін. Достық бауырластықтың символындай болған қазақ пен түрік елдерінің арасында алтын көпір жалғап осында келіп қалдық. Қазақстандық урологтармен жақыннан танысып, тәжірибе алмасудамыз. Қолымыздан келгенше оларға үйрету, біздің білмейтін нәрсені олардан үйренуді мақсат еттік. Осы ретте қонақжайлық танытып отырған қазақ бауырларыма алғыс айтқым келеді. Апталық жоспарланған оталардың барлығын да сәтті аяқтасақ деген ниеттеміз. Орталық дәрігерлерінің көмегімен жұмыстарды атқарудамыз.

**Семих БАШКАН – Анкара білім беру және зерттеу ауруханасы анестезиолог және реаниматолог маманы:**

– Қазақстанға келгеніме өте қуаныштымын. Түркістан халқы жылы қабақпен қарсы алды.Апталық аясында жоспарланған жұмыстарды нәтижелі аяқтап жатырмыз. Заман талабына сай жабдықталған университет клиникасында ауқымды жұмыстар жасалып жатқанына куә болдық. Алдыңғы қатардағы ауруханалардың бірі ретінде науқастардың көңілінен шығуда. Жалпы хирургиялық, урологиялық, құлақ мұрын оталарына жансыздандыру дәрісін салдық.

***P.S. Дәрігерлермен тілдесіп, ой бөлісіп болған соң, клиника-диагностикалық орталығында емделіп жатқан науқастармен де жүздестік. Осындай тегін ота жасап, дәрігерлік көмекке жүгінген жұртшылық орталық дәрігерлеріне бас дәрігер Сандуғаш Абдуллаеваға алғыстарын жаудырып жатты. Әрбір дені сау адам қоғам байлығы деп санайтын ақ халатты абзал жандар зыр жүгіріп, науқастардың көңілінен шығуды мақсат етуде. Біз де өз тарапымыздан дәрігерлерге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.***

**Дайындаған: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

## ГАЗЕТТІҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

AY gazete
BİLİM
KÜLTÜR
SANAT
AHMET YESEVİ ÜNİVERSİTESİ

# Kazakistan Başbakan Yardımcısı Abdıkalikova ve Heyeti Ahmet Yesevi Üniversitesinde



Kazakistan Cumhuriyeti Başbakan Yardımcısı Gulşara Abdıkalikova, Çalışma ve Sosyal Güvenlik Bakanı Berdıbek Saparbayev, Milli Eğitim Bakanı Kuleş Şemşidinova, Sağlık Bakan Yardımcısı Lezzat Aktayeva ve Kalkınma Bakanlığı Konut ve Kamu Hizmetleri Komitesi Başkanı Marhabat Jayımbetovile birlikte Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi'nde bölge sakinleriyle bir araya geldi. Kazakistan Parlamento Üyeleri Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov ve Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar tarafından kültür merkezi önünde karşılandı.

Toplantıya, Türkistan Eyaleti il meclis üyeleri, sivil toplum kuruluşları temsilcileri,Türkistan halkı ve basın mensupları katıldı.Kazakistan Cumhuriyeti parlamento üyeleri,yeni kurulan hükümetin çalışmaları hakkında katılımcılara bilgiler vererek katılımcıların sorunlarını dinlediler. Toplantıda, Türkistan'ın eyalet olması ile birlikte bölgenin değişim ve gelişim sürecinin kısa zamanda tamamlanacağını ve Türkistan'ın tarihte olduğu gibi yeniden Türk dünyasının merkezi haline getirileceği vurgulandı.

# Ahmet Yesevi Üniversitesi Radyosu Yesevi FM ve TV Stüdyosu Yayın Hayatına Başladı



**Ahmet Yesevi Üniversitesi radyosu Yesevi FM ve TV stüdyosu yapılan açılış töreni ile yayın hayatına başladı.**
**Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov açılışta yapmış olduğu konuşmada, " Biz Yesevi stüdyosunu öğrencilerimiz için açtık. Onlar derslerde almış oldukları teorik bilgileri uygulayarak mesleki gelişimlerini en iyi şekilde tamamlayacaklardır" dedi.**

Radyo stüdyosunun uluslararası statüye sahip Ahmet Yesevi Üniversitesine çok yakışacağına dikkat çeken Rektör Abdrasilov, "Yaklaşık yedi ay önce gençlerle bir araya geldiğimizde öğrencilerimiz radyo ve TV talebinde bulundular. Bizde bu alanda çalışma başlattık. Nihayetinde üniversite yakışır bir stüdyo kurduk. Yesevi babamızın hatırasını yaşatmak için radyonun ismini onun adına atfettik. Dürüst, şeffaf, seviyeli yayıncılık ilkesi ile burada hem öğrencilerimiz tecrübe kazanacak hem de üniversitemizin sesini tüm dünyaya duyurmuş olacağız. Artık bugün bir hayali gerçekleştirmiş bulunuyoruz"dedi. Rektör Abdrasilov, "Radyomuz Ahmet Yesevi Üniversitesine hayırlı olsun" temennisiyle konuşmasını tamamladı.

Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar ise açılış konuşmasında bugünün Ahmet Yesevi Üniversitesi adına tarihi bir gün olduğuna işaret ederek, "Bugün üniversitemiz adına mutlu bir gün, Ahmet Yesevi Üniversitesi'ne radyo ve televizyon stüdyosunu kazandırmanın sevinci içerisindeyiz" dedi. Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türk dünyasının birlik sembolü olduğuna dikkat çeken Rektör Vekili Tomar, "Üniversitemizde tüm Türk akraba topluluklarından gençler öğrenim görüyor.Burada öğrencilerimizTürkçe, Kazakça, Kırgızca, Özbekçe, Tatarca ve diğer Türk lehçelerinde yayın yaparak Türk dünyasında kültürel etkileşime katkı sağlayacaklardır. Ayrıca çok dilli yayın politikası ile sesimizi tüm Dünya'ya duyuracağız" diye konuştu.

Açılış töreninin ardından Yesevi FM'in ilk canlı yayın konuğu Rektör Prof. Dr. BolatbekAbdrasilov ile Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar oldu.

# Türkiye-Kazakistan Sağlık Haftası Sona Erdi

**Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkiye ve Kazakistan Sağlık Bakanlığının ortaklaşa gerçekleştirdiği sağlık haftası etkinliği sona erdi. 8-14 Nisan 2019 tarihleri arasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Tıp Fakültesi Hastanesi, Türkistan Kadın Doğum Hastanesi ve Türkistan devlet hastanesinde teşhis, tedavi ve çeşitli ameliyatlar gerçekleştirildi.**

Türkiye Sağlık Bakanlığı Uluslararası Sağlık Politikaları Dairesi Başkanlığı tarafından organize edilen etkinlik kapsamında, göz hastalıkları, çocuk cerrahi, üroloji, plastik cerrahi, kadın doğum, anestezi, kulak burun boğaz, kadın doğum, çocuk hastalıkları ve pediatri alanlarında 18 uzman hekim Türkistan halkına ücretsiz hizmet verdi. Ayrıca Radyoloji, Acil Yardım ve TRIAJ Sistemi konusunda eğitim seminerlerine katılan bölgenin pratisyen hekimlere sertifika verildi. 7 günlük program kapsamında 100'e yakın ameliyat ve 500'e yakın da teşhis ve tedavi yapıldı.





Ahmet Yesevi Üniversitesi Kültür Merkezinde yapılan kapanış programıyla sona eren etkinlikte, Türk hekimlere teşekkür belgesi ve hediye takdim edildi. Törende konuşan Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Türkiye ve Kazakistan'ın dostluk ve kardeşliğine yakışır bir etkinlik gerçekleştirildiğine vurgu yaparak, "Hoca Ahmet Yesevi'ninislam'a büyük hizmet sunmuştur,bizde böyle bir etkinlikleYesevi'nin diyarına küçük bir katkı sunmaya çalıştık. Organizasyonda emeği geçen Uluslararası Sağlık Politikaları Dairesi Başkanı Arif Çetin ve heyetine teşekkür ediyoruz" dedi.

Türkiye Cumhuriyeti Sağlık Bakanlığı Uluslararası Sağlık Politikaları Dairesi Başkanı Arif Çetin isebölge halkı tarafından sıcak karşılandıklarını ve büyük ilgi gördüklerini ifade ederek, "Türkistan halkının göstermiş olduğu misafirperverlikten dolayı şükranlarımı sunuyorum. Organizasyona destek veren ve özellikle buraya kadar gelip ücretsiz hizmet sunan hekimlerimize de teşekkürediyorum" dedi.

# Türk Dünyasında Türkçe'nin Yabancı Dil Olarak Öğretimi Çalıştayı

**Türkçe öğretiminde kullanılan yöntemleri paylaşmak ve karşılaşılan sorunlara çözüm bulmak amacıyla Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi'nde Türk Dünyasında Türkçe'nin Yabancı Dil Olarak Öğretimi Çalıştayı" gerçekleştirildi.**

Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi tarafından, 5 Nisan 2019 tarihinde Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi'ndedüzenlenençalıştaya, Yunus Emre Enstitüsü Türkçe Eğitim Müdürü Prof. Dr. Yavuz Kartallıoğlu, Manas Üniversitesi YDYO Müdürü Doç. Dr. TaalayAbdiyev ve üniversitemizden akademisyenler katıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar açılış konuşmasında "Türk dünyasının manevi başkenti olan Türkistan'da üniversite olarak Türkçe dil eğitimine büyük önem veriyoruz ve bu eğimin sürekli gelişmesi için gayret gösteriyoruz. Bizler hem ortak alfabe hem de akademik çalışmalar ile dilimizi birbirine yaklaştırabilirsek Türkçe bin yıllık aranın ardından tekrar dünyanın en etkili dili olacaktır. Hem nüfuz hem de nüfus açısından buna hiçbir engel yok"dedi. Dil eğitiminin bireye yeni bir pencere açmak olduğunu vurguladığı konuşmasında kültürü yaşatmanın, uluslararası diplomaside yer almanın en önemli yolunun dil eğitimi olduğuna dikkat çekti.

Çalıştay süresince Türkçe öğretiminde karşılaşılan sorunlar, öğretimde kullanılan yöntem ve teknikler ile dil öğretim kitapları üzerine sunumlar yer aldı.Üç oturumda gerçekleşen çalıştayıyda10'a yakın dil bilimci bildiri sundu. Etkinlik, Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten'inmoderatörlüğünde kapanış ve değerlendirme oturumuyla sona erdi.



# Devlet Bürokrasi Okulu İlk Mezunlarını verdi



**Yaklaşık beş ay önce Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Kazakistan Kamu Hizmetleri Ajansı arasında ikili işbirliği anlaşması imzalanmıştı. Bu protokoller kapsamında iki kurum arasında devlet bürokrasi okulu kurulmuş ve pilot uygulama olarak üniversitemiz bünyesinde öğrenim gören 20 öğrenci eğitime başlamıştı. Başarı ile sürdürülen devlet bürokrasi okulu beş aylık eğitiminin ardından ilk mezunlarını verdi.**

Mezun olan öğrenciler için mezuniyet töreni düzenlendi. 11 Nisan 2019 Perşembe günü Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezi'nde gerçekleştirilen törene, Rektör Prof. Dr. Bolatbek Abdrasilov, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Kamu Hizmetleri Ajansı Türkistan Eyaleti Daire Başkanı GalımTursınbayev ve Türkistan Eyalet Valiliği Kadro Bölüm Başkanı Ahmet Sakbayev katılarak öğrencilere sertifikalarını takdim ettiler.

Törende konuşan Rektör Abdrasilov, üniversitemiz ile kamu hizmetleri ajansının ortaklaşa düzenlediği devlet bürokrasi okulu beş aylık eğitimin ardından başarı ile sonuçlandığını söyledi. Bu eğitimin ilk olarak Ahmet Yesevi Üniversitesi'nde uygulandığına vurgu yapan Rektör Abdrasilov, "Kamu hizmetleri ajansı ile ikili iş birliği yaptığımızda bu alanda bir okul açmayı planlamıştık.Bugün bu işbirliğinin bir neticesi olarak öğrencilerimiz mezuniyet sertifikalarını veriyoruz. Öğrencilerimiz burada almış oldukları eğitimle iş hayatına hazır hale geldiler. Emeği geçen herkese teşekkür ederiz" dedi.

Rektör Vekili Tomar ise Devlet Memurları Okulunun üniversitemiz için çok önem az ettiğini belirterek,"21 yüzyılda Üniversite eğitimi farklı bir boyuta gelmiş durumda, üniversite eğitiminin yanında kendinize ekstra bir şeyler katmanız gerekiyor, yapılan bu uygulama ile bu başarıyı sağlayabileceğinize inanıyorum" dedi. Ahmet Yesevi Üniversitesi mezunları birer marka haline gelmesi gerektiğine vurgu yapan Rektör Vekili Tomar, "Bu programı daha da geliştirip dünyanın her yerinde yaşıtlarıyla rekabet edebilecek Yesevi mezunlarıvermeliyiz" dedi.

# Geçmişten Günümüze Türkistan: Tarih, Kültür ve Medeniyet Sempozyumu

Ahmet Yesevi Üniversitesi'nin Prof. Dr. Fuat Sezgin anısına düzenlediği veHitit Üniversitesi ile Marmara Üniversitesi'nin de desteklediği "Geçmişten Günümüze Türkistan: Tarih, Kültür ve Medeniyet Sempozyumu" Türkistan Yerleşkesinde gerçekleştirildi.

Sempozyumun açılış konuşmasında Rektör Yardımcısı Pilten, Üniversite ve bölge hakkında bilgiler vererek, kadim Türkistan şehrinin tarih boyunca bilim, kültür ve sanat alanlarında bölgenin her zaman önde gelen merkezlerinden biri olduğunu ifade etti. Kazakistan'ın bağımsızlığından itibaren büyük gelişim ve değişimler yaşayan Türkistan şehrinin 2018 yılı, Haziran ayında eyalet merkezi olduğunu ve bu gelişmenin şehrin yeniden yapılanmasına hız kazandırdığını sözlerine ekledi. Pilten ayrıca, Ahmet Yesevi Üniversitenin de bu yapılanmaya, bünyesindeki 10 fakülte, 7 araştırma enstitüsü, kolej ve hastanesi ile bölgeye eğitim ve sağlık hizmetlerini taşımak suretiyle, aynı zamanda ihtiyaç duyulan nitelikli insan gücünü yetiştirerek, geçmişte olduğu gibi bugün de destek olduğunu belirtti.

Vali Yardımcısı Otarbayev ise konuşmasında Türkistan'ın eyalet olması ile birlikte bölgenin değişim ve gelişim sürecinin hızlandığını ve kısa zamanda yeniden bilim, kültür ve medeniyetin merkezi haline getirileceğini vurguladı.

Prof. Dr. Mehmet Evkuran ise kültürün donuk ve statik olmadığına vurgu yaparak, kültür değişen, dönüşen ve güncellen bir unsur olduğunu söyledi.Bualanda felsefi ve teolojik çalışmaların yapılmasını gerekliliğine vurgu yapan Evkuran, özellikle Kazakistan ve Özbekistan olmak üzere Türk dünyasının kültürel mirasının bu tür bilimsel faaliyetlerle ortaya çıkarılabileceğinin altını çizdi.

Türkiye, Kazakistan, Özbekistan ve Kırgızistan'dan bilim adamları katılarak bildiri sunduğu Geçmişten Günümüze Türkistan: Tarih, Kültür ve Medeniyet Sempozyumu, 15-16 Nisan 2019 tarihlerinde dört oturumda yapıldı ve83 tebliğ dinlendi. Sempozyum Türkistan, Semerkant, Buhara HivaveTaşkent'in tarihi mekanları ziyareti ile sona erdi.

Kültür Merkezi konferans salonunda gerçekleştirilen etkinlik, Rektör Yardımcısı Prof. Dr. KamalbekBerkinbayev'in oturum başkanlığında Rektör Yardımcısı Doç. Dr. Pusat Pilten, Türkistan Eyalet Vali Yardımcısı Melik Otarbayev, Hitit Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Müdürü Prof. Dr. Mehmet Evkuran, Kazakistan Diyanet İşleri Başkanlığı Türkistan Eyaleti Müftü Yardımcısı Prof. Dr. Alau Adilbayev, öğretim üyeleri ve öğrenciler katıldı.



# Tarihte Türk Dili Uluslararası Telekonferansı

**Türk Dili Eğitimi, Türkiye Türkçesi Yazı Dili, Türkiye Türkçesi Ağızları ve Tarihî Türk Lehçeleri konusundaki araştırmalarıyla tanınan ve "Erzurumlu Darir - Kıssa-i Yusuf " adlı tezi ile "Türk Dili Doktoru" unvanını alan Prof. Dr. Leyla Karahan Ahmet Yesevi Üniversitesinde konferans verdi. Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü "Türkoloji Telekonferansları" kapsamında düzenlenen etkinlik Türkiye, Kazakistan, Özbekistan ve Azerbaycan'dan canlı bağlantıyla uluslararası düzeyde gerçekleşti.**

Gazi Üniversitesi'nden bağlanan Prof. Dr. Leyla Karahan'ı Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Enstitüsü, Özbekistan Ali ŞirNevai Taşkent Devlet Üniversitesi Filoloji Fakültesi Özbek Dili ve Edebiyatı Bölümüve Azerbaycan Milli Bilimler Akademisi Nesimi Dil Bilimi Enstitüsü Türk Dilleri Bölümü'nden çok sayıda akademisyen, personel ile lisans, yüksek lisans ve doktora öğrencileri dinledi.

27 Mart 2019 Çarşamba günü Hazırlık Fakültesi Türkçe Okutmanı Halil Çetin'in moderatörlüğünde gerçekleşen konferansa;Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi Dekanı Doç. Dr. Ahmet Güngör, Türkoloji Enstitüsü Müdürü Dr. Serdar Dağıstan, Türk Filolojisi Bölüm Başkanı Dr. Asil Şengül, Ali ŞirNevai Özbek Dili ve Edebiyatı Üniversitesi AR-GE Müdürü Dr. NodirbekJurakuziev, Nesimi Dil Bilimi Enstitüsü Türk Dilleri Bölüm Başkanı Dr. Elçin İbrahimov katıldı.

Konferansta, Türk dilinin tarihteki yolculuğunu ele alan Prof. Dr. Karahan "Türk dili, çok geniş bir coğrafyada kullanılan ve en az 5500 yıllık geçmişi olan eski bir dildir. Bu dil, aynı zamanda bugün bütün Türk dünyasının ortak dilidir. Bizim kimliğimiz olan bu dilin, gelişme dönemlerini bilmek, bu dille yazılan şaheserleri ve bu dili kullanan şahsiyetleri tanımak, tanıtmak, hatırlamak, hatırlatmak bugünümüz ve geleceğimiz bakımından önemlidir" diye konuştu.

Prof. Dr. Karahan konuşmasının son bölümünde konferansı düzenleyen Türkoloji Araştırmaları Enstitüsüne teşekkürlerini iletti. Kendisiniaynı zamanda Türkistan'da, Özbekistan'da ve Azerbaycan'da hissettiğini belirtti. Prof. Dr. Leyla Karahan konferansını katılımcıların sorularını yanıtlayarak tamamladı.

СТУДЕНТ БЕТІ

# КӨРІНБЕЙТІН ЖҰЛДЫЗДАРДЫҢ СӘУЛЕСІ

**Журналистика — қастерлі мамандық. Журналистер — өмір барлаушылары, қоғам үшін жүйкесінің ең соңғы сөлін сығып беретін ұлт жанашырлары.**

**Алдағы жазда университетімізде журналистика мамандығының ашылғанына ширек ғасыр — жиырма бес жыл болады. Міне, содан бері қаншама шәкірттеріміз түлеп ұшты десеңізші! Талантымен тас жарған түлектеріміз тек елімізде ғана емес, күллі түркі әлемінде журналистиканың от-жалынды көрігін қыздырып жүр. Біз оларды мақтаныш етеміз, солармен мақтанамыз.**

**Басқасын айтпай-ақ қоялық, еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстанда» бесалты түлегіміз, ал «Оңтүстік Қазақстанда» онға жуық түлегіміз қызмет етеді. «Хабар», «Қазақстан» ұлттық арналарында да кешегі студенттеріміздің жүргеніне шүкіршілік етеміз.**

**Ширек ғасырдан бері білім ордасында ақ қанатты арманмен айшықталған, болашақ журналист-білімгерлердің ортасындамыз. Мамандықты ашудың басы-қасында болу басымдағы бағым. Шәкірттерімнің болашағы алаңдатады. Аялап, мәпелеуге тырысамыз. Заман талабына сай істәжірибелік дәрістеріне баса көңіл бөлеміз, шығармашылық бақылау жұмыстарын жазғызамыз. Олардың жүрек лүпіліне құлақ түреміз. Алғашқы қадамдарына мәз болып, шаттыққа бөленеміз.**

**Бірінші курс студенті Аружан Махмуттегінің өзіндік ой-пікірі бар, титімдей жүрегі ұлтым, қазағым деп соғады, әділетсіздікке жаны қас. Жан сезімін бүкпесіз жеткізуге тырысады. Болашағынан үлкен үміт күттіреді. Сенбесеңіз, үсынып отырға шағын екі дүниесіне зер салыңыз!...**

**Сейдулла САДЫҚОВ,**
**филология ғылымдарының докторы,**
**университет профессоры.**

## 1.АҚ ПАРАҚҚА СЫЙМАЙДЫ ОЙ-ПІКІРІМ

Мен өмірі өзгеріске ұшырайтындардың қатарынанмын. Әр ай сайын өз өмірімдегі кемі бір дүниені өзгерту әдет болып қалған. Бұл да менің ерекше әрі біртүрлі қасиетім деп есептеймін. Себебі, мұндай өзгерістер аяқ астынан болатын қызық құбылыс. Сіздер көріп жүрген Аружан бұрын мүлде басқа адам еді. Шашы қара, бойы ұзын, киім кию стилі де бөлек. Барлығы айтып жатады ғой «Құдай берген мінез» деп. Ал мен олай ойламаймын. Мінез — адам баласының өмір сүретін ортасы, араласатын адамдары мен олардың саған тигізетін әсеріне байланысты



қалыптасатын дүние деп есептеймін.

Осыдан үш жыл бұрын менде ешқандай, нақты жоспар болмады. Жәй ғана бәрі арман еді. Кейін журналист боламын деп ниеттендім. Ол да жәй қызығушылық еді. Санасы өспеген Аружанның арманы. Мен 2012 жылы ауылдан аудан орталығындағы мектепке ауысып келдім. Сол кездегі математика сабағынан алған төртім менің алтын белгіге ұсынылмауыма себеп болды. Бірақ он бір жылдық оқушылық өмірімде бір рет қана «4» алғандықтан қызыл аттестатқа үміткер атандым. 2018 жылы мектеп директоры ауысты. Жаңа басшы өзі жұмыс жасап келген мектептен біздің көрсеткішіміз төмен болуы үшін барлық алтын белгі мен қызыл белгіге ұсынылғандарды алып тастады. Уақыт көрсетер деген оймен үндемей жүре бердім. Оқу жылы аяқталып, мемлекеттік емтихан басталды. Маған тапсыратын пәннің біреуінен төрт аласың деді. Егер төрт алмасам, өте жақсы деген баға алып тұрған оқушыға қызыл аттестат берілмегені үшін директорға сөгіс жариялап, жұмыстан шығаради екен. Сол үшін емтиханға жақсылап дайындалдым. Төрт пәннен де «5» деген баға алдым. Бесінші пән — тарих. Оны да жақсы тапсырдым. Бірақ екі күннен кейін төрт алғанымды естідім. Ашу қысып аудандық білім бөліміне арыз тастадым, облысқа бардым сол бесті ақыры алдым. Ұстаздарым мен достарым бір-ақ күнде менен теріс айналды. Аллаға шүкір қазір грант бойынша білім алудамын. Басымнан өткен осы дүниенің бәрін журналист ретінде халыққа жеткізгім келеді. Күресемін. Менің өзгеруіме бұл жағдай тікелей әсер етті. Ойымды қорықпай айту, күресуден қашпау, өз құқығы үшін күресу, өзіңді қорғансыз етіп көрсетпеу, өз басыңды өзің алып жүре алатындай жағдайға жеткізу. Мен артылмаған үмітті ақтағаным үшін қуанамын. Басымды тік көтеріп мектебіме барып қайттым. Барлығы өзгеріп кеткенім жайлы айтып жатты.

## 2. ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ - АДАЛДЫҚТЫҢ БИІК ШЫҢЫ

Адамға ақыл туа біткеніні хақ. Бірақ менің жазғалы отырған дүниеме әсте ақылдың еш қажеті жоқ деп есептеймін. Өлім қарсы алдыма келгенде не күй кешерімді білмеймін, бірақ дәл қазір елім үшін жан беруге даярмын. Ұлтжандылық әрбір адамның адалдығының биік шыңы деп түсінемін. «Пенде» сөзін қазақшаға аударсақ «қателесуші» деген мағына береді. Әрбір адамның пендешілігі өз алдына емес пе? Десе де ұлт, тіл, дін мәселесінде менің жерге қарап үн-түнсіз қоя салар жайым жоқ. Бәлкім осы жазғандарымды оқып мені жек көріп кететін шығарсыздар. Менің жүрегімнің әр дүрсілі әуелі Алла, екінші қазақ деп соғады. Өмірімнің соңына дейін елім үшін еңбек етуді арман етіп, осы мамандықты таңдағаным да шындық. Ұлтымның намысын, тарихын сақтау менің борышым. Қазіргі жастардың ой-санасы қалай қалыптасқанын білмеймін, мүмкін «ұлт» деген сөздің парқына жете де қоймайтын шығар. Бәлкім әркімнің жеке өміріндегі махаббат, отбасы, қаржы жағдайлары ұлтын ойлауға мүмкіндік бермейтін шығар. Заман қасіретіне айналған маскүнем мен нашақорларға, сатқындарға: – халқың үшін жақсылық жасап құрбан болғаның мың есе артық емес пе деп айқайлағым келеді. Кейде неге XY ғасырда өмір сүрмеген екенмін, қазіргі тәуелді бейбіт өмірімнен Қазақ хандығы құрылған дәуір менің ұлтжанды болмысыма нағыз лайық уақыт еді деген ойлар мазалайды.

Мен бұл өмірді кино сияқты көремін. Біреу жағымды, біреу жағымсыз рөлдерді сомдауда. Сыртынан киноны тамашалаушылар бар. Сахна мен өмір дегенменен екі дүние. Пендешілік жасағандардың болашақта ар соты алдында әйтеуір бір жауап беретінін ұмытпайық.

**Аружан МАХМУТТЕГІ,**
**1-курс студенті**

СТУДЕНТ ОЙ АЙТАДЫ

# ЗАМАНДАСТАРЫМА АЙТАРЫМ БАР

XIYғ. бергі ислам дінінің Қағбадан кейінгі алтын бесігі аталып кеткен әлемнің сегізінші кереметі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің киелілігі барша мұсылманға аян. Көздің жауын алатын ғимарат кескіндерінен бөлек, күллі түркі жұрты қасиетіне бас иеді. Алайда бүгінгінің жас өрендеріне мұрамызды аманат етіп тапсыра аламыз ба?

Әдеттегідей сабақтан шыға сала, бірден үйге қарай емес, саябақты аралағанды қаладым. Есім хан алаңы халыққа толы блатын. Аздап шаршаңқы күймен саябақты кезіп жүріп, кесенеге бет бұрдым. Мешіттің қорғанына мініп, қала тынысын тамашалауды жаным қалайтын. Бірақ қорған тістешелеріндегі (тастар) таңбаларды көргенде көңіл-күйім түсіп кетті. Құдды бір кесененің ішіндегі бабаларымыздың әруақтары мені кінәлағандай сезімде қадамымды жылдамдаттым. Ары-қарай аралай бастап едім күтпеген көрініске тап болдым. Қорғанның бір бұрышында аймаласып, құшақтасқан жастарды көрдім. Ол жерде жалғыз мен емес едім. Зиярат етуге келген адамдар арлы-берлі өтуде. Бірақ ешқайсысына әсер етпеді ме, жоқ әлде іштей ғана наразылықтарын мен сияқты білдіруде ме, ешкім үн қатпады. Бәлкім түсінігі жоқтарға сөздерін шығын қылғысы келмеген шығар деген оймен мен де өте бердім.

Бұрын ойлаушы едім, неге қала тұрғындарына кесенеге кіру тегін емес, ақшаға соншалықты құнығып кеткен бе деген пікірімді осы көріністен кейін өзгерттім. Алайда кешегі жағдай «бүгіннің жастары ертеңіміз» деген сенімге селкеу түсіргендей көз алдымнан кетпей қойды. Тек қана кесененің ішін ғана емес, жалпы айналасындағы құнды жәдігерлерді аралауды ақшалай жүйеге келтіру керек. Адам басына 700 теңгеден болса, студенттер мен мектеп оқушыларына 500 теңгеден билет құны белгіленсе. Сонда ғана баға жетпес жәдігерлерімізді құнын түсіне алармыз, бәлкім. Бұл жер махаббат алаңы емес қой, неге соны түсінбейді? — деп өз ойыммен арпалысып жүрдім.

Осы ретте ойыма мектептегі білім жүйелеріне Қожа Ахмет Ясауи сынды тарихи тұлғамызға арнап арнайы пән енгізуді ұсынғым келеді. Тек сонда ғана жастар сауаттарын ашып, кімнің кім екенін танитын болар.

**Ұлпан АБДРАХМАНОВА,**
**2-курс студенті**

# БАЛАҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ЕРКЕЛЕТЕСІЗ?



Жақында №1 жолаушы автобусында жасы алпыстарды алқымдап қалған әжеміз жанындағы кісіге немересін мақтап отыр екен. «Өскен соң менің балам депутат, бизнесмен болады» дейді. Күрек тісіне енді ғана құрт түскен 4-5 жасар бала кенет әжесінің тізесінен секіріп түсіп, «Жоқ апа мен футболист боламын» демесі бар ма. Қарап тұрып,үйдегі бауырым мен әкем есіме түсті. Кішкентай кезімізде әкем мен анам «менің ұлым өскен соң әкім болады» деп еркелетуші еді. Інім ер жетті. Мектепті тәмамдады. Ол спорт саласын таңдады. Әкем оның бұл шешіміне үзілді-кесілді қарсы болды. Бірақ інім әкемнің сөзінен аса алмай, өз таңдауынан бас тартты. Сөйтіп әскерге кетті. «Әкім болады» деп армандаған ұл үмітті ақтамады.Қазақта «тәрбие тал бесіктен» деген әдемі нақыл сөз бар емес пе? Біз сол сөзді дұрыс түсінбей жүрген секілдіміз. Қабырғасы енді ғана қатайып келе жатқан бүлдіршінге «әкім» немесе «бастық» бол деп тәрбие берсек онда өскенде ұрпаққа не деп реніжміз, не кінә тақпақпыз? Оңы мен солын ажырата алмайтын балалардан «патша» күтетініміз қызық-ау. Оның орнына балаңызды «Пәленше өскен соң жақсы адам не болмаса нағыз балуан болады» деп еркелетіп көріңізші. Нәтижесі қалай болар екен. Қорыта айтқанда, баланы да мақтаудың өз орны бар. Ал сіз балаңызды қалай еркелетесіз?

**Ғалия БИСЕЙІТ,**
**2-курс студенті**

Ясауи университеті
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
Газет 1995 жылдан шыға бастады
**Меншік иесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
**Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА**

**Қоғаммен байланыс бөлімі:**
Бекжігіт СЕРДӘЛІ
aksari@mail.ru
**Тілшілер:**
Эльмира АРТЫҚБАЕВА
elmira_artykbaeva@mail.ru
Сүлеймен ДОҒАН
dgn_s8@hotmail.com
Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ
Фото маманы: Мұхамеделі ШЕРІ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

**Газетті есепке қою туралы**
№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

**2019 жылдың қаңтарынан бастап « Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.**

**Редакция мекен-жайы:** 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. **Байланыс телефоны:** 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) **Эл.пошта:** a.yassaui@mail.ru